

«Шертердің» атақты қобызшысы – Сапар Әбенов

Торғай облысы кезіндегі кең танымал ұлттық-этнографиялық «Шертер» ансамблінің атақты қобызшысы Сапар Әбенов ағамызды мен бала кезімде алғаш 60-жылдары Иманов совхозына ауданнан арнайы келіп, кино қойып жүргенінен бастап көрдім. Ол кезде біздің «Үрпекте» баяғы ескі клубта тек қана жексенбі күні түскі сағат 3-тен балаларға арналған кино болатын.

Жеті сайынғы киноға бару бақытына ие болу – ол кездегі біз үшін зор қуаныш пен жетістіктің үлкені еді! Кинолардың көбі: Азамат соғысы мен Ұлы Отан соғысы туралы болып келеді. Бізге керекті де сол ғой! Ауылға келген концерт-пьесаларды көруге бізге өмірбақи жол тимейді. Ауылға келген Қарағандының бір пьесасын басқа балалармен қосылып, клуб ысып кеткендіктен, терезе жақтауына «тырмысып-жармасып» көріп тұрғанымда күзетші, Өржанның Дүйсенбайының (1916 жылғы көтеріліс сарбазы, тіпті бізге іліктігі бар-ау, Әйнепия апамның отағасы ғой, бейшара шал қараңғыда мен екенімді қайдан білсін!?) көк шыбығы арқамды осып өткенде – «шіркін-ай!», үйден «бір-ақ шыққанымды» өмірі ұмытпаспын!...

Сапар аға балаларды жаздың күндеріндегі, кешке болатын киноға қызықтырып: «Үйлеріңдегілерге, барлық көршілеріңе айтындар: кешке күшті соғыс, қызық оқиғасы бар кино болады, бүкіл ауыл – бәрің тегіс қалмай келіңдер! Егер әрқайсың он адамнан алып келсеңдер, өздеріңді бесплатно кіргіземін!» – деп үгіттеп жіберетін. Сапар туысы болғасын ба, көбіне төре

Саржан қарт: Сәбит-Алшындардыкіне, Жәмила Тотаева апасының үйіне, досы-киномеханиктер: Домбайдың Сапарғалиына немесе Мүсірептің Мұқанының үйіне келіп тоқтайтын....

Содан Сапар ағамызды көп жыл өткесін... 1974 жылы Қызылорда пединститутының 3-курсында оқып жүргенімде сол жақта кездестірдім. Қайыржан Маханов ағамыз – жетекшісі, «Шертер» ансамблі концерт қойып, Сыр бойына келді. Құрамында мектепте бірге оқып-бітірген сыныптасым Сапаш Қодаров келіп-түскен күні-ақ кешке институттан Алтынай – екеумізді тауып алды. Ертеңіне: таңертең олар орналасқан «Сырдария» қонақүйіне іздеп барып, бәріне сәлем беріп, таныстыым. Сол жолғы «Шертер» құрамындағылардан бұрыннан үш өнерпазды таниды екенмін: Қазбекұлы Сапар аға, Сапаш пен бала кезімде Иманқұл құдаларға қыдырып барғанда, «Қабырға» – «Алақолден» үлкендердің «кеу-кеулеуімен» бір-ақ жолғы қазақша күресте бір емес, екі рет жауырыныммен түсірген «бала палуан», 70 жылдары тайғада әскерде бір дивизияда қызмет еткен, құда бала, атақты Қошқар батыр тұқымы Сайлау Орда-



баев, кейін өте жақын араласып-сыйласқан ағамыз: Қайыржан Маханов, ерлі-зайыптылар: Қыпшақ Қойғарин, көркемөзші-концерт жүргізуші: Шотбай, домбырашы-күйші: Әбжан Сәрсенбаев, әншілер: Отаркүл Мұқатова, Қазымкүл Бозанова, биші: Тойған Ізім, т.б. Сол күні мен факультет деканымнан сұранып, екі күн «Шертермен» бірге жүрдім. Ауылдық жерлердегі концерттерін қоюға дайындық-ұйымдастыру жұмыстарына қолғабыс жасадым. Он күндей концерттерін көрсетіп, 13 мамыр күні жедел тапсырма бойынша жиналып, Алтай өлкесіне самолетпен ұшып кетті. Алтынай екеуміз студенттік пәтерімізде Қайыржан-Сапар, Сайлау, Сапаштарға арнайы қо-

нақасы беріп, мен бірге оқитын үш жолдасыммен әуежайда сол заман талабына сай, ұшқан күні – сыпайы студенттік «шығарып салу» рәсімін жасадым. Кейін 1975 жылы 28 желтоқсан күні ауданға концертін қойып келген «Шертердің» толық құрамы аудандық Мәдениет үйіндегі қойылымдарынан кейін, түнемелік екінші баламыз: Көркеміміздің перзентханадан шыққан күнгі шілдеханасының құрметті қонақтары болғанын кезінде жақсыға ырымдап едік. Сол дұрысқа шықты. Қазір Жәнібек-Көркем – екеуі балалары азамат болған, өздері немере, ата-аналары – бізге: шөбере сүйгізген бақытты ата-әже атанып отыр.

Әңгіме-естелігім Сапар аға Қазбекұлы жайлы болғандықтан, марқұм өнерпаз тұлға жайлы тағы да еске түскен жайларды айтайын. Сапар ағаны көзі көргендер бет-бейнесін, түр-түсі мен қимыл-қозғалысын бірден көз алдарына елестетері сөзсіз.... Жалпы ширақ кісі еді ғой... Шіркін-ай, қобызды тартқан кезде тас-түйін болып, қаққан қазықтай – бүгіле бүкшиіп, кейде қобыз смычогін көсілте-көсілте сыдыртып-жосылтқанда жарықтық қобызы нешетүрлі сарынмен отырған залды сазды әуенге бөлейтініне куә болдық-ау... «Жарықтық, Қазбек балаларының тегіс, шетінен қасиетті қара қобызда ойнаулары – арғы аталарынан жұққан, әулие-бақсылар – деп жататын ел...» Сапарлар қобызда қандай да бір шығарма-күйді орындағанда көрермен жалықпайды ғой ... Сарнаған саз сай-сүйегіңнен сыздауықты алып түскендей бір күй кешетін едік!... Біздің елдің адамдары

сахнада біреу домбырамен ән-күй тартып орындаса – соңынан дуылдатып қол соғатыны әлі көз алдымызда... Кезінде Сапар ағамыздың өнерін көрсеткеннен кейін сахнадан сондай қошеметпен шығатыны өмір-бақи ұмытылмас.

Сонау бір жылдары ауданда жауапкершілік-міндеті бастан асып артылатын қызмет істеген кезімде замандасым Боранбай (Бораш) Әбеновке әкесі атындағы (оны да кезінде обләкім орынбасары Р.Х. Сариевамен едәуір дауласып тұрып-дәлелдеп, есімін беруге әрең деп, келісімін алған) Аманкелдінің орталығындағы Мәдениет үйінің алдындағы алаңқайға әруақты «қара қобыз иесі» Қазбек ақсақалға Ұзақов Әбілбек мүсіншіге тапсырыс беріп, ел-аймақ болып жабылып, ақысын төлеп, қобызын кеудесіне қойып, аңыратып отырған ескерткіш-бейнесін істетіп-қояйық – деп екі-үш мәрте айттым. Сонда әруақты қобызшы әулеті теп-тегіс түгенделетін еді! Әруақтар да риза болар еді! – деп едім....

Бұл – шіркін, «қуған – жетпейді, бұйырған – кетпейді!» деген рас екен!?

Бірақ сол арман-ойымнан мен әлі де үмітімді үзген емеспін! Қобызшының тас бейнесін енді жасайтын өмірде дара тұлға – Әбілбек мүсінші жоқ болса да, Арқалықта шебердің ісін жалғастырып жатқан баласы – Ұзақ қарттың немересі – Сапарбек бар ғой. Мүмкін, бір күні қобызшы ұрпақтарына оңды ой келер.

Әбдіқадыр ӘБИЛТАЕВ,
зейнеткер